

ЕМБІДЕ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ




2

БАСШЫЛЫҚ ҚАЙНАРЛЫҚТАРМЕН
КЕЗДЕСТІ



4

ЕМБІЛІКТЕРДІҢ
НАЗАРЫНА!



8



Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

№17 (81)
ҚАЗАН
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

1-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Тұңғыш Президент күнімен құттықтаймыз!

Күнгізбеге қызыл түспен енген 1-желтоқсан күнінің Қазақстан халқы үшін орны айрықша. Себебі, еліміздің жеке Әнұраны, мемлекеттік рәміздері бар тәуелсіз еліміздің уығын қадап, шаңырағын көтеріп, іргесін бекіткен Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың халық, мемлекет алдында еңбегі ұшан-теңіз.

Азаттықтың алғашқы жылдары халық жадынан әлі шыға қойған жоқ. Тағдыр әлі айқындай алмаған елдің еңсесін тіктеуге парасат пен пайым, білімдарлық пен біліктілік керек-ақ болды. Тәуелсіздікті сақтау, егемендікті орнықтыру үшін көреген көсем қажет еді.

Сол кезде еншісін алған елдің көшін Нұрсұлтан Әбішұлы бастап, оны көрікті қылып, керегесі кең, өзге елдермен терезесі тең тұратын мемлекет етті. Ұлтты ұйыстырып, оны бірлігі мықты ынтымақты елге айналдыра білді.

Егеменді Тәуелсіз мемлекетімізді халықаралық аренада жаңа деңгейге

көтерген Елбасымыз – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жердің тұтастығын сақтай отырып, ел тыныштығы мен ауыз біршілікті, татулық пен достықты ту етіп көтеріп, жасампаз Қазақстан құрды.

Еліміздің Тұңғыш Президенті халықты жарқын істерге жұмылдырып, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайту, бүкіл халықаралық қоғамдастықтың ризашылығы мен құрметіне ие болған жаһандық және өңірлік биік бастамалардың авторы ретінде елдің сыртқы саясатын дәл айқындау ісіне орасан зор үлес қосты. Бағындырған белесі, жеткен жетістігі жетерлік.

ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР!

Сіздерді Тұңғыш Президент күнімен құттықтай отырып, зор денсаулық, бақыт, мол жаксылық пен қажымас қайрат, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Елімізде бейбітшілік пен амандық болсын!

Құрметпен, «EmbiMunaigas» АҚ басшылығы

"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" 2022-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН БЕКІТТІ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясын бекітті.

Алдағы он жылда Компанияның өсуі ағымдағы өндірістің тиімділігі, жаңа бағыттарды дамыту, энергия үнемдейтін заманауи технологияларды енгізу және көміртегі ізін азайту есебінен қамтамасыз етіледі. Стратегияда мынадай басты даму бағыттары айқындалған:

1. Дәстүрлі қызмет, сондай-ақ перспективалы бағыттар үшін жеткілікті болатын ресурстық базаны ұлғайту;
2. Мұнай өндіру, тасымалдау, өңдеу және маркетингі жөніндегі қызметтен барынша мол пайда табу және қазіргі құн тізбегінің тиімділігін арттыру;
3. Мұнай-газ химиясы саласы жаңа мұнай-газ химиясы кәсіпорындарын құру арқылы «ҚазМұнайГаз» компаниясының өсіп-өркендеуіне тың серпін беріп, арзан шикізатқа жол ашады;
4. Қызметтің барлық бағыты бойынша тұрақты



ҚазМұнайГаз
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

даму және өндірістің көміртек сыйымдылығын кезең-кезеңімен төмендету.

Сонымен қатар, ҚМГ Директорлар кеңесі 2022-2031 жылдарға арналған төмен көміртектегі дамыту бағдарламасын бекітті. Аталған бағдарлама Компанияның климаттық амбицияларын, көміртегі ізін азайту бойынша негізгі тәсілдер мен шараларды айқындайды.

Атап айтқанда, 2031 жылға қарай ҚМГ энергия тиімділігі және энергияны үнемдеу, сондай-ақ

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану шаралары есебінен көмірқышқыл газының ауаға шығарылуын 2019 жылдың деңгейінен 15%-ға қысқарту (1,6 млн тонна CO₂) көздеп отыр.

– Жаһандық сын-қатерлер мен жаңашылдықты ескере отырып, біз қазіргі заман талаптарына бейімделіп, бәсекеге қабілеттілігімізді одан әрі арттырамыз. Сондықтан компания өзінің Даму стратегиясын әзірлеп бекітті. Алдағы он жылда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы қандай бағытта дами түсетіні бойынша нақты жоспарымыз бар. Компанияның тұрақты дамуы, кредиттік рейтингтерді сақтау, іске асыру үшін басымдықты жобаларды анықтау жөніндегі жұмысымыз жалғасын табады, - деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЕМБІДЕ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде Кәсіподақ ұйымының кезектен тыс конференциясы өтіп, онда аталмыш ұйымның жаңа төрағасы сайланды. Жиынға компанияға қарасты барлық өндірістік басқармалардан сайланған делегаттар қатысты.

Кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасын сайлау көпшілік дауыспен ашық түрде өтті. Дауыс беру барысында конференцияға қатысқан 65 делегаттың 60-ы «Ембімұнайгаз» АҚ Кәсіподақ ұйымының төрағалығына үміткер Б.Нсанбаевқа дауыс беріп, Болат Мұратұлы ЕМГ Кәсіподақ ұйымының төрағасы болып сайланды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басшылығы жұмысшылардың мүддесін қорғайтын кәсіподақ ұйымымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Біз ұжымдағы жұмысшының мүддесін қорғайтын кәсіподақ ұйымның жұмысына әр кез үлкен сеніммен қараймыз. Компания басшылығы үшін Кәсіподақ ұйымының қызметі – үлкен күш болуымен қатар, 5 мыңға жуық мұнайшының басын қосқан әлеуметтік маңызы бар іргелі ұйым. Сол себепті, Кәсіподақ ұйымының тыныс-тіршілігі мен оның ұстанған бағыты, оның жұмысының алға басуы біз үшін маңызды мәселенің бірінен саналады, - деп атап өтті Орталық басқару аппараты кәсіподақ комитетінен сайланған делегат, ЕМГ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты ТАСМАҒАМБЕТОВА.

Жиын барысында Компанияның Кәсіподақ ұйымының соңғы 2 жылдағы қаржылық есебі тыңдалды. Сонымен қатар, Кәсіподақ ұйымының тексеру комиссиясының құрамы қайта сайланып, жаңа құрамы бекітілді.



КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ ЖАҢА БАСШЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының бұйрығына сәйкес Күрделі құрылыс департаментінің директоры болып Аманқұл Аманжолұлы УМИРОВ тағайындалды.



Аманқұл Аманжолұлы бұған дейін «ҚазТүрікмұнай» ЖШС-да күрделі құрылыс бөлімінің бастығы қызметін атқарған болатын.

Ол еңбек жолын 1984 жылы Ембі аудандық өндірістік бөлімшесінде плотник-инструктор болып бастады.

Кейін «Вахтастрой» ПМК мекемесінде бетонщик, «Құлсарымұнай» МГӨБ-да құрылыс

жөндеу учаскесінде инженер, «Теңіз» шағын мемлекеттік кәсіпорнында техник-құрылысшы, құрылыс учаскесінің бастығы қызметтерін атқарды.

1993-2004 жылдар аралығында «Құлсарымұнайгаз» МГӨБ-да күрделі құрылыс бөлімінің инженері, жетекші инженері, инженер-технологы, бөлім бастығы болып еңбек етті.

2004-2009 жылдары аралығында «Прорвамұнайгаз» МГӨБ, «Қайнармұнайгаз» және Жылыоймұнайгаз мұнай-газ өндіру басқармалары бастықтарының құрылыс жөніндегі орынбасары лауазымында болды.

Кейін «Ембімұнайгаз» ӨФ-да күрделі құрылыс бөлімі бастығының орынбасары болып еңбек етті.

2010-2013 жылдары аралығында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жарактандыру және күрделі құрылыс департаментінің аға инженері, департамент директорының орынбасары болып жұмыс атқарды.

2013 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары болып 2017 жылға дейін еңбек етті.

Кейінгі жылдары «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-да директорының Атырау облысы бойынша өндіріс жөніндегі орынбасары, аталған серіктестіктің Атырау филиалының директоры лауазымдарында болды.

2018 жылы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-да мұнай сервистік жобалары департаменті директорының орынбасары, кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» АҚ-да Күрделі құрылыс және мұнай кәсіпшілігі құрал-жабдықтары департаментінің директоры, Жабдықтардың сенімділігі мен тұтастығын басқару департаментінің директоры, мұнай және газ өндіру басқармасының жабдықтың сенімділігі секторының бас сарапшысы қызметтерінде де абыройлы еңбек етті.



1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күні

Желтоқсан – Қазақстан халқы үшін ерекше айлардың бірі. Дәл осы айда еліміздің қоғамдық өмірінде маңызды саяси, тарихи оқиғалар болды. Атап айтсақ, 1991 жылы бірінші желтоқсанда жалпыхалықтық Президент сайлауы өтті.

Кенестің сапында болған елдер Тәуелсіздігін жариялап жатқан тұста қазақ халқы да өз егемендігін алып, алғаш Президентін сайлады. Сол жылдың 10 желтоқсанында тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевты ұлықтау рәсімі салтанатты түрде өтті. Ал, 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігін жариялап, өз алдына бөлек шаңырақ көтерді.

Тізгінді қолға алған күні Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарға алдағы өмірдің жеңіл болмайтынын, бірақ, бірлік пен татулық, іскерлік пен қабілеттілік арқылы жетуге болатынын уәде еткен еді. Сөзінде тұрды. Шебер ұйымдастырушылық қабілет, батыл бастама мен табанды әрекет тәй-тәй басқан жас мемлекетті сан түрлі тығырықтан шығарып, қажырлықпен қарыштатты.

Елбасы күн-түн демей әр ел, әрбір ауылды аралап, халықтың әл-ауқатын өз көзімен көрді. Киындығына қабырғасы қайыса отырып, қуанышын да бірге бөлісті.

Сол тарихи кезеңнен бері 30 жылдай

уақыт жылжыды. Кешегі күн мен бүгінді ешкім теңестіре алмайды. Бүгінгі Қазақстан – өз топырағының асыл дәстүрлерін ардақ тұтатын, кемел болашаққа қадам басқан жасампаз ел.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуынан бастап осы күнге дейін жеткен жетістіктердің басым бөлігі Елбасының есімімен байланысты.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – көптеген маңызды саяси және экономикалық бастамалардың авторы. Олар – Еуразиялық және экономикалық одақ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының съезі, ЕҚЫҰ Саммиті, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздігі Кеңесіне мүшелігі, Ядролық қауіпсіздік саласындағы бастамалар, Астанада Сириядағы жағдайды реттеу бойынша келіссөз алаңын ұсыну және т.б.

Сондай-ақ, Тұңғыш Президент – сәтті реформалар мен мегажобалардың символы. Елбасының ерен еңбегі тек елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де



мойындалып келеді. Бірқатар шетел қалаларында ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев құрметіне көше атаулары берілген. Атап айтсақ:

- Ресей – Грозный, Казан қалалары;
- Түркия – Невшехир, Кыршехир, Гёзтепе, Адана қалалары

- Иордания – Амман қаласы. Ескерткіш пен бюст қойылған мемлекеттер:

- Түркия – Анкара қаласы;
- Қырғызстан – Чолпан-Ата қаласы;
- Украина – Каменское қаласы;
- Молдава – Комрат қаласы.

ЕЛБАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ ЕМЫҒЕ САПАРЛАРЫ

1996 жылдың 28 мамыры күні кенбайлықтар есінде мәңгі сақталатын күн болды – бірінші мұнай бұрқағы атқылады. Осы жылдың 10 маусымы күні мұнайшылар үшін тағы бір айтулы күн болды. Кенбай кен орнына Елбасы Н.Ә.Назарбаев әдейі келіп, ат басын тіреді.

- Мынау қиын-қыстау жағдайда іргесі қаланғанына бір жыл да толмаған «Қайнармұнайгаз» МГӨБ табысқа жетіп, мұнай алып, сіздерді, барлық қазақстандықтарды қуанышқа бөлеп жатқандығына құтты болсын айтайын деп әдейі сіздердің ортаңызға келіп тұрмын.

Мұнайшылардың жұмысы оңай емес, мынадай ен далада күн демей, түн демей 1 жыл ішінде қыруар қаржы игеріп, ел қорына тағы бір жаңа кен орнын іске қосып отырғандықтарыңыз – жалпы Қазақстан халқы үшін өте қуанышты жағдай.

Еліміз тәуелсіз мемлекет болып, егеменді ел атанып, көк байрағымызды дүние жүзінің шаңырақтарында желбіретіп жатқан кезде, әрбір аз табыс болсын, көп табыс болсын, біз үшін үлкен жетістік болып саналады. Сондықтан, ашылған әрбір жаңа өндіріс орнын мен ыстық ықыласпен қабылдаймын. Бүгінгі жаңалықты үлкен істің басы деп санайық. Себебі, Каспий өңірінің, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе басқа да облыстардың кен беретін, май шығаратын орындары баршылық. Бұл байлықты жер астынан игеріп, өзіміз үшін келешек ұрпақ үшін пайдалануға тиіспіз, - деді ҚР сол кездегі Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.

Араға 22 жыл салып, 2018 жылы 23-тамызы күні Елбасы қазақ мұнайының қара шаңырағына тағы да аяқ басты.

Ембінің бас кеңсесіне сапарында сол кездегі Мемлекет басшысы компанияның өндірістік үдерістерді қадағалау орталығының жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысына Интеллектуалды кен орнының жүйесін егжей-тегжейлі таныстырылып, бұл жобаның нақты уақыт режимінде өнеркәсіп нысандарынан түсетін ауқымды мәліметтерді өңдеуге, шұғыл шешім қабылдау мақсатымен оларға әрі қарай талдау жасауға, сондай-ақ, кен орындарындағы өндіру үдерісін жақсартуға мүмкіндік беретіні жеткізілді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев кен орындарына цифрландыру элементтерін енгізудің арқасында еңбек өнімділігі артып, құрылғыларды жөндеу мерзімінің және бірін-бірі қайталайтын құрылымдардың қысқарғанын атап өтті.

Мұнай өндірудің қазіргі әдістерімен ғана шектелмей, заманауи тәсілдерді де қолдану қажет. Ең алдымен, қызметкерлерді озық технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету керек, - деп тапсырды Н.Назарбаев.



2021 жылдың 10 айындағы өндірістік көрсеткіштер мен ұжымдағы еңбек қатынастарына қатысты туындаған мәселелер – «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында өткен жұмыс сапары барысында кеңінен талқыланды.

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШТЕРІМЕН ТАНЫСТЫ

Ағымдағы жылдың 10 айдағы есебі бойынша «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының



Басқарма төрағасы Есен Қайыржан компания өз қызметінде ең алдымен, қарапайым еңбек адамына басымдық беретінін алға тарта отырып, басқарма басшылығына жұмысшының қауіпсіз ортада еңбегін ұйымдастыруда барлық мүмкіндікті жасауды тапсырды. Жиын барысында экологиялық талаптарды сақтау мәселелері де жан-жақты айтылды.

БАСҚАРМАНЫҢ БАСҚАРУ АППАРАТЫ 8 САҒАТТЫҚ ЖҰМЫСҚА КӨШЕДІ

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының өндірістік көрсеткіштерімен жан-жақты танысқан компания басшылығының сапары ұжыммен кездесуге ұласты. Нақтылайтын болсақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның басқару аппаратының ұжымы

Басшылық қайнарлықтармен кездесті

ұжымы осы мерзімдегі өнім өндіру көрсеткішін 5 089 тоннаға артық орындаған. Бұған мүмкіндік берген шараның бірі – бұрғылаудан кейін іске қосылған ұңғымалардың жұмысы. Бұл орайда, жаңадан іске қосылған ұңғымалардан жоспардағы 5 710 тоннаның орнына 7 658 тонна мұнай игерілді. Бұрғылаудан кейін пайдалануға берілген ұңғымалардың есебінен қосымша 1 948 тонна мұнай алынды.

Ұңғымаларға күрделі жөндеу және ұңғымаларды қосымша ату шарасы бойынша да жақсы нәтиже байқалады. Жоғарыда аталған іс-шаралардың нәтижесінде есепті кезеңдегі көрсеткіш бойынша 12 858 тоннаның орнына 14 346 тонна өнім игерілді. Бұл орайда, қайнарлықтар 1 488 тонна қосымша өнім алуға қол жеткізіп отыр.

Кейбір кеніштерде ұңғымалардың сулану деңгейі айтарлықтай төмендеген. Мәселен, Б.Жоламанов кен орнында сулану мөлшері 3%, Молдабек кенішіндегі кейбір геологиялық игеру нысандарында 7-8 %-ға дейін азайған. «Сулану деңгейінің айтарлықтай төмендеуін қойнауқатқа су айдау



жұмыстарындағы оңтайландыру шарасының оң нәтижесі» дейді қайнарлық жауапты мамандар.

Басқарма бойынша межедегі мезгілдің жоспарында көрсетілген 7 ұңғыма горизонталды әдіспен қазылды (жоспар толық орындалды). Нәтижесінде 1 ұңғыма тәулігіне шамамен 17 тоннаға дейін өнім беріп отыр.

Өнім тапсыру мәселесінде де оң көрсеткіш бар. Жыл басынан бергі 10 айда мұнай тапсыру жоспары бойын-

ша 380 560 тонна болса, ол 385 727 тоннаға орындалды, демек, қосымша 5 167 тоннаға қол жеткізілді.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының жауапты мамандары компания басшылығы алдында шешімін күткен мәселелерді көтерді. Майланған топырақты тазалау және кәдеге жарату бойынша тендер жұмыстарын уақытылы ұйымдастыруға ұсыныс айтты. Қызметтер мен тауарларды сатып

алу процедураларының уақытылы жүргізілмеуі айтарлықтай қол бөгеуде.

Басқармада кейбір салалар бойынша жоспарды орындаудан кейінге қалу проблемасы да орын алып отырғаны шындық. Бұл проблема басқарманың күрделі құрылыс саласында байқалып отыр. Жауапты мамандар пандемияға байланысты тендер мәселесінің уақытша тоқтатылып немесе кешіктіріп жүргізілгені қол бөгеу

болғанын алға тартады.

Өндіріс бар жерде өзекті мәселенің бірі – жұмысшылардың қауіпсіз ортада еңбек етулеріне жағдай жасау және экологиялық талаптардың сақталуы. Осы мерзімде жол оқиғасы тіркелмеген. Қайнарлықтар қайғылы оқиға мен жол апатын болдырмауда нөлдік көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Бұл - барша ұжымның жетістігі.

Басқарманың жағдайымен толық танысқан «Ембімұнайгаз» АҚ

желтоқсан айында вахталық әдістен 8 сағаттық жұмыс әдісіне көшеді. Бұл орайда, кеңсе қызметкерлерінің тарапынан әр түрлі сауалдардың туындағаны рас. Біраз сауалдар Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Шымкент сияқты өзге қалаларда тұратын қызметкерлерге қатысты өрбиді.

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы аппарат қызметкерлерін 8 сағаттық жұмыс әдісіне көшірудегі мақсат – компанияға қарасты барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелердің жұмыс процесін бір жүйеге келтіру және оңтайландыру. Бұл жерде Компания басшылығы қызметкерлердің техникалық қауіпсіздігіне баса мән беріп отырғандығын атап өткен жөн.

2021 жылғы 1-желтоқсаннан бастап «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының басқару аппаратының қызметкерлері үшін екі демалыс күнімен (сенбі, жексенбі) бес күндік жұмыс аптасы болып белгіленеді. Аппарат қызметкерлерінің тамақтануы, сондай-ақ, еңбек етуі және күнделікті демалуы үшін қажетті жағдайларды (жатақханада орналасуы) жұмыс беруші тарапынан ұйымдастырылады.

Ұжыммен кездесу барысында Басқарма төрағасы Есен ҚАЙЫРЖАН басқарма аппаратының қызметкерлерін алаңатқан өзге де мәселелерге толыққанды жауап берді.

«Ембімұнайэнерго» игілікті істері

«Ембімұнайэнерго» басқармасы - «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты мұнай кен орны-мен осы салаға қатысты әлеуметтік нысандарлық электр қуатымен үздіксіз қамтып, барлық жоғарғы кернеулі техникалық қызмет түрлерін көрсететін кәсіпорын.

Жаңа технология мен тың ізденістерді пайдалана отырып, энергия қуатын үнемдеу, баламалы энергия көздерін пайдалану, мұнай кен орындарының жұмысын тоқтатпау – басқарма басшылығының негізгі ұстанымы.

Басты мақсат – Қазақстан мұнайының қара шаңырағы атанған «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық мұнай кен орындарына, мұнайшыларға арналған әлеуметтік нысандарға үздіксіз энергия көздерін беріп, өндірісті тоқтатпау. Бұл орайда, қолжеткен табысымыз да, түйінді мәселелер де бар. Әсіресе, табиғаттың тосын өзгерістерінде мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыстың тоқтап қалу фактілері кездеседі. Мұнай кәсіпшіліктерінде апатты сәндірілулер болып, жұмыстың тоқтап қалуының алдын алу мақсатында нәтижесін тауып жатқан оң істерді атап өткен жөн.

- 9 дана - 110/35/10/6 киловольттық қосалқы стансаларына;
- 1 507 дана – 10-6 киловольттық жинақы трансформаторлық қосалқы стансаларына;
- 62 дана – 35-10-6 киловольттық үлестіру құрылғыларына;
- 4 033 дана – 100 киловольтқа дейінгі электр қозғалтқыштарына;
- 158 км – 110 киловольттық әуе желісіне;
- 154,9 км – 35 киловольттық әуе желісіне;
- 1 185,49 км – 6-10 киловольттық әуе желісіне;
- 325,9 км – 0,4 киловольттық әуе желісіне техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізеді.

Кедергілерге ұрындыратын тағы бір себеп – электр желілерінің ескілігі. Алды 30 жыл болған әуе желілері күрделі жөндеуді қажет етеді. Осы желілерді күрделі жөндеуден өткізу үшін жыл сайын қаражат бөлініп, толықтай игеріліп келе жатыр. Тек 2021 жылы - 40,25 шақырым күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланып, бүгінгі таңда оның 35 шақырым аумағы игеріліп отыр. «Өндіріс орындарын электр энергиясымен қамтамасыз ету – басты назарда» деген басқарма ұжымы

соңғы уақыттарда өндіріске заманауи технологиялар батыл еніп жатырғанын айтады.

Жұмыстар негізінен толықтай автоматтандырылған. Жиілікті өзгерту қондырғысы кен орындарының барлығына дерлік қондырылды. Нәтижесі сол, қолмен атқарылатын жұмыстардың барлығы осы қондырғы арқылы жүргізілетін болды. Бұл жақсы шараны аудандық электр торабының мамандары да қуана қоштайды.

Нұрқуат АСҚАРОВ, «Прорва» аудандық электр торабы учаскесінің басшысы:

ӨНДІРІСТЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Ембі өндірісін электр жүйесімен үздіксіз қамту дегеніміз мұнайдың сапасы мен көлеміне тікелей байланысты екенін айтып жатудың өзі артық. Бүгінгі Ембі өндірісін кешегі күндермен салыстыруға болмас. Кешегі күндерде жұмыстардың біразы қолмен атқарылса, бүгінде біздің жұмыс толықтай автоматтандырылған.

Күнделікті жұмысты қолмен атқару дегенді жақсы түсінетін шығарсыздар. Қаншама уақыт кетеді, ауыр еңбек... Бүгінде бұл қиындықтарды ұмыттық. Жұмысымызға жаңалық, өзгеріс, заманауи технология батыл еніп жатыр.

Өндіріс алаңдарындағы үлкен кернеулі сораптарда басқару блогы орнатылуда. Басқару блогы жұмысын бастағанда бұрын электр тогын көп алатын сорап негізгі жұмысына барынша жәй қосылып, тоқты 5 есеге дейін аз жұмысайды. Кеніштердегі ұңғымалар жұмысына ИСУ технологиясы орнатылған. Бұл технология жұмысының тиімділігі – мұнай көлемі төмендеп кетсе, жүйе автоматты түрде ұңғыма жұмысын тоқтатады. Проблеманы дереу байқаймыз. Сұйықтықтың көлемі реттелгенде, сорап автоматты түрде іске қосылады.

Өндіріске қолданысқа енген тағы бір жаңа технология - КРУН қондырғысы. Қондырғының тиімділігі қорғаныш қасиеті жақсы дамыған. Қауіпті жағдайда, ауа райының келенсіз, еңбек етуге тиімсіз кезеңдерінде аталмыш технологияның автоматты түрде қорғаныш қасиеті іске қосылады.

Тағы бір айта кетер жаңалығымыз, Прорва кеніштеріндегі 288 КТП-ның 60 пайызға жуығы жаңартылды. Бұл да элетромонтерлердің жұмысын айтарлықтай жеңілдетіп отыр.

Сәрсенбек ОСПАНОВ, «Мақат» аудандық электр торабы учаскесінің басшысының орынбасары:

ҚАУІПСІЗ ОРТАДА ЕҢБЕК ЕТУГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ – МІНДЕТІМІЗ

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Шығыс Мақат, Солтүстік Жолдыбай, Қошқар кеніштерін үздіксіз электр жүйесімен қамтамасыз ететін біздің аудандық электр торабы әр жұмыс күніне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Себебі, жоғары вольтты токпен жұмыс істеудің адам өміріне қаншалықты қауіпті екенін жақсы түсінеміз. Өндіріс нысандарына технологиялық қызмет көрсету, жөндеу жасау – біздің негізгі міндетіміз. Кен алаңдарындағы ұңғымалардың үздіксіз жұмысы, апаттың алдын алу – күнделікті жұмысымызда өзекті саналады. Жұмысшыларымыздың отбасыларына аман-есен оралып, олардың қауіпсіз ортада еңбек етулеріне жағдай туғызу – басты міндетіміз. Біздің аудандық электр торабының аумағына кіретін жоғарыда аталған кеніштерде ток жүйесінің қуаттылығы 35 кВт құрайды. Өндірістегі жұмысшылар ауысымдық вахтамен еңбек етеді. 14 күн вахталық жұмысқа келген 40 адамның өміріне қауіп төндірмей, алдарына қойған міндеттерін оң нәтижемен атқару өзекті.

Нұрғуат ТЛЕПОВ, «Жайық» аудандық электр торабы учаскесінің басшысы:

ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШІНІҢ ТҰРАҚТАНУЫНДА ҮЛЕСІМІЗ МОЛ

«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының кеніштерінде электр торабы бойынша жаңа технологиялардың қолданысқа енуі – жақсы жаңалығымыз. Жаңаталап, С.Бағымбаев, Оңтүстік Батыс-Қамысты кен алаңдарындағы қосалқы стансалар толықтай жаңартылған. Басқару блоктары кезең-кезеңімен жаңартылууда. Бүгінгі табысты еңбекті саралағанда, кешегі күндердегі қиындықтарды міндетті түрде еске аламыз. Кешегі күндерде қолмен май құятынбыз, май ауыстыру жылына 3-4 рет қайталантын. Ол кезде механикалық релелермен жұмыс істедік. Қазір бұл жүйе толығымен автоматтандырылған.

Электр торабын қалыпты жағдайда ұстау – жұмысымыздағы өзекті жәйт. Өндіріс нысандарын үздіксіз ток желісімен қамтамасыз ету арқылы мұнай өндіру көрсеткішінің тұрақтануына біз де үлесімізді қосып отырмыз.



Болашақ мамандарға қолдау бар

19 қараша күні ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және Қазақ-Британ техникалық университетінің 20 жылдығына орай ҚБТУ Консультативтік кеңесінің 8-отырысы өтті.

Жиынға «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Рысты Тасмағамбетова қатысып, оқу орнының мерейтойына құттықтау сөз сөйледі.

Кеңес отырысының мақсаты – университеттің стратегиялық дамуына да, оқу және ғылыми-зерттеу жоспарларына кеңес ұсыныстарын енгізу арқылы шығарылатын мамандардың сапасын арттыруға да жұмыс берушілердің ықпалын күшейту.

Жиын барысында жаңа білім беру бағдарламалары, түлектерді жұмысқа орналастыру, ғылыми қызмет және университет серіктестерімен бірлескен жобалар туралы баяндамалар ұсынылды.

Консультативтік кеңес отырысынан кейін шара қонақтары «Білім беру технологияларындағы түрленім. Энергетика, IT және бизнес саласы шарттары мен мүмкіндіктері» халықаралық конференциясына қатысты.



ӨНЕРЛІ ЕМБІЛІКТЕР

Қылқаламды серік еткен

Энергетикалық жүйелерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге қатысы бар барлық мамандардың мерекесі – Энергетиктер күні қарсаңында осы салада 21 жыл бойы еңбек етіп келе жатқан әріптесіміз, «Ембімұнайэнерго» басқармасының өндіріске қызмет көрсету бөлімшесінің жұмысшысы Жанәбіл РАХМЕТОВТІ Атырау жұртшылығы үлкен өнер иесі ретінде де жақсы таниды. Газетіміздің бүгінгі санында біз Ембі өндірісінде біраз еңбек еткен, келер жылы зейнеткерлік демалысқа шыққалы отырған Жанәбіл Әбдуалиұлының суретшілік шебер қыры жайында сөз қозғамақпыз.



Оның алғаш қатысқан көрмесі 1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдығына арналған көрме болатын. 1997 жылы Атырауда өткен «Экология – суретшілер көзімен» көрмесіне де өз туындыларын көрермен назарына ұсынды.

2003 жылы Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығына арналған көрмеде бақ сынасып, батырдың өр тұлғалы бейнесін асқан шеберлікпен көрсеткен портретімен II дәрежелі дипломмен марапатталды. Республикалық жылжымалы және басқа да көрмелерге де қатысты.

- Маған суретшілік өнер әкемнен дарыса керек. Ол өнерге жақын адам болатын. Ән тындаса, оның қалай орындалғанын, спектакльде әртістердің қалай ойнағанын көршілермен, қонақтармен жиі талқылап отырушы еді. Менің суретке бейім екендігімді байқаған ол кітапханадан атақты суретшілер Ә.Кастеев, С.Романов, Қ.Телжанов және т.б. журналдарға, кітаптарға шыққан туындыларын әкеліп көрсететін, - деп еске алады ол.

Жанәбіл Әбдуалиұлы 1-сыныпта оқып жүрген кезінде апайы «Букварь» кітабындағы қуыршақтың суретін көшіріп салуға тапсырма берген. Ж.Рахметовтің салған суреті үздік болып есептеліп, жоғары бағаға ие болған. Содан бастап ол «Суретші бала» атанып кеткен. Кейін жоғары сыныптарда оқып жүргенінде,

сыныптың және мектептің қабырға газеттерінің көркемдеушісі болып бекітілген. Осылайша, суреттің сиқырлы әлемі жас баланы өзіне тартып әкете барды...

Жанәбіл Рахметов 1983 жылы Алматы қаласындағы көркемсурет училищесін тәмамдап, Атыраудағы Суретшілер одағында еңбек жолын бастаған.

- Ең алғаш шығармашылық жұмысым студент кезімде болды. Ол уақытта студенттерге қалалық немесе республикалық көрмелерге қатысуға рұқсат берілмейтін. Өзіміздің оқу корпусымызда өткен студенттер көрмесіне «Ауыл» деген жұмысыммен қатыстым. Кейін Суретшілер одағы мекемесінде өткен көрмеге қойылған «Көктемгі жер жырту» суретім – шығармашылығымның алғашқы қадамдары болып есептеледі, - дейді Ж.Рахметов.

Жанәбіл Рахметов 2000 жылы Ембіге қарасты жол жөндеу құрылыс басқармасына суретші болып жұмысқа орналасады. Ол кезде компьютерлер тапшы. Мереке күндері плакаттар салу, маңдайшаларға құттықтау мәтіндерін көркемдеп жазу суретшіге жүктелетін жауапкершілік болатын. 2008 жылы «Ембімұнайэнерго» басқармасына жұмысшы болып ауысып, осы уақытқа дейін бір мекемеде табан аудармастан еңбек етіп келеді.

Оның туындыларының басым бөлігі – тарихи тақырыпқа негізделген. Портреттік жанрларға, реалистік бағытқа көбірек көңіл бөледі. Қазіргі таңда суретшінің қорында Махамбет, Құрманғазы, Ы.Шәрековтің портреттік туындылары бар. Және Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай өткен көрмеге «Тәуелсіздік жаңғырығы» атты жұмысы қойылған болатын.

Сонымен қатар, ұлт-азаттық көтеріліс, Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс, Ф.Оңғарсынованың жас кезі мен қартайған шағын салыстыра бейнелеген суреті, Атырау өңірінің тыныс-тіршілігі көрсетілген, экологияны сақтауға арналған «Жан пид» картинасы, басқа да туындылары облыстық Ш.Сариев атындағы көркемсурет және қолданбалы сәндік музейінде сақтаулы.

Әңгімеміздің басында айтып өткеніміздей, келер жылы әріптесіміз зейнет жасына толып, құрметті еңбек демалысына шыққалы отыр. Негізгі қызметімен қоса, компаниядағы шараларды әрлендіруге, көркемдеуші ретінде де жұмыстарды атқарады. Жұмыстан бос уақытында сүйікті ісімен айналысатын Жанәбіл Рахметов қазіргі таңда Бекет Атаның туған жері Ақмешіт пен жерленген жері Оғландыны салуда. Талантты суретшінің қолынан әлі де бірнеше мағыналы да мәнді туындылар шығарына сеніміміз мол.



Биыл мерейлі жылдарын атап өтіп жатқан кен орындары туралы репортажымызды жалғастырамыз. Осыдан 40 жыл бұрын, 1981 жылы Ботахан кен орны өндірістік пайдалануға беріліп, жарты ғасырға жуық уақыт бойы ел қазынасын еселеуге үлес қосып келеді.

Негізінен, аталған кен орнын игеру ертеректе басталған-ды. 1974-75 жылдары «Ембімұнайгеофизика» тресінің сейсмикалық-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Ботахан алаңында мол мұнай қорының бар екендігі анықталады.

Сөзімізді негізгі арнаға бұрмас бұрын, Ботахан атауының шығу тарихы туралы деректерге тоқтасак.

БОТАХАН АТАУЫ ҚАЙДАН ПАЙДА БОЛДЫ?

Бұл сұрақты облыс жұртшылығынан жиі естиміз. Осы сауалға жауап іздеп, біраз адамдардан сұрастырдық. Көбінің ойы бір арнаға тоғысты.

«1985 жылы Жауынбай Досов есімді жолдасым әскер қатарынан оралған соң, кездесіп, біраз әңгімелестік. Ботахан кен орны туралы әңгіме өрбіді. Жауынбай Құлсары кентінде (қазіргі қала – ред.) тұратын 90 жастағы нағашысының үйіне барғанда, ақсақал Ботахан атауының шығу тарихы туралы айтып берген. Кезінде, ертеректе Ботахан кен орны аумағында форт болыпты-мыс. Оған жақын маңда Ботахан деген үлкен ауыл қоныстанған. Сол ауылда мал шаруашылығымен айналысқан Ботахан есімді үлкен ақсақал өмір сүрген. Сол қарияның ауылы болып есептелген.

Қария қайтыс болған соң, оны Қарсақ кен орнының арқа жақ бетіне жерлеген. Көп ұзамай теңіз суы тасып, ауылды су басып, адамдар түгелімен зардап шеккен. Ботахан атауы содан қалған дейді, - дейді өзінің естіген әңгімесімен бізбен бөліскен **Ботахан мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары Жәнібек ҚҰЛҒАЛИЕВ.**

ЕҢБЕКТЕРІ ЕРЛІКПЕН ПАРА-ПАР

Бұрынғы цех бастығы Әлібек Мұқамбеталиев 2006 жылы Алматы қаласындағы «Исламнұр» баспасынан шыққан «Қайнарбұлақ» деген кітапта қалдырған естелігінде:

«Кен орнының бастапқы баланстық қоры 10441,0 мың тонна, алынатын қоры 4176,0 мың тонна деп есептеледі.

Жергілікті билік орындары мен мұнайшы басшы азаматтар қолдау көрсетіп, жобалы нүктелерге бұрғышының қашауы қадалды. Соның нәтижесінде 1980 жылдың 25 қазаны күні Ботахандағы №1 ұңғымадан мұнай бұрқағы атқан еді. Ол 3 миллиметрлік штуцер арқылы 28 м3 мұнай берген еді.

Шапшыған бурқақ аудан жұртшылығы үшін, облыс үшін үлкен жаңалық, қуанышты хабар болды. «Ембімұнай» бірлестігі жаңа мұнай көзін өз күшімен игеруді ұйғарады» деп жазба қалдырған.

Бұл жауапкершілік басқарма ұжымына жүктеліп, сол кездегі «Доссормұнайгаз» МҒӨБ бастығы Отжағар Сәрсенбаев, бас инженер Әмірбай Оразов, бас геологі Жолдасқали Жетібаев жұмысқа бірден тыңғылықты кірісіп кетті. Әсіресе, жаңа алаңды игеру бойынша тапсырмалар қарсақтық



БОТАХАН КЕН ОРНЫНА 40 ЖЫЛ



мұнайшыларға жүктелді.

Бұл кезең ұжым үшін бұл үлкен сын болды. Әйтсе де, «көз қорқақ, қол батыр» демекші, мұнайшылар қиындықтан қаймықпай, іске кірісіп кетеді. Сол кездегі цех бастығы Мақсат Қилыбаев тапсырылған жұмысты діттегендей етіп бітіруге жұмылдырса керек. Әрине, жаңа кен орнын іске қосып, толық қуатына шығару оңай шаруа емес-ті.

Жел сәл көтерілгенде, шаңы аспанға көтерілетін, жаңбыр жауса, балшығы аяққа желім боп жабысатын айдала.

Басшылар, ең алдымен, кен орнына электр қуатын жеткізіп, алынған мұнайды Қарсаққа айдайтын құбыр тартуды қолға алды. Алайда, электр желісін тартатын бағаналар да қат. Оларды орнатуға шұңқырларды қазатын механизм де жоқ. Екінші жағынан, уақыт та күттірмейді. Орнататын бағаналардың жоқтығы да үлкен

қолбайлау болды. Сол қарбалас кезеңде қолда бар материалдарды пайдаланып тартылған электр желісі Жарбас-Ботахан электр желісі тартылғанға дейін 10 жылдан астам кідіріссіз жұмыс жасады.

Мұнай құбырын төсеушілердің де еңбегі орасан болыпты. Олар 11 шақырым жер бойына 1,5 мыңдай тұрбаны пісіріп, жалғастырып қана қоймай, оларды өз қолдарымен шайырмен майлап шығады.

Сол кезде уақытпен санаспай, Ботахан мұнайын игеруге атсалысқандардың көбі қазір еңбегінің зейнетін көріп, құрметті демалыста жүрсе, біразы о дүниелік болып кетті. Әйтсе де жоғарыда аталған және Серік Ғабдолов, Мұқаняр Ізбасаров, Жақсыгерей Құбашев, Нұрлан Ерғалиев, Орынбасар Шындаулов, Қайыржан Айдаболов, Сағындық Дүйсенов, Нәби Қайыров, Елубай Ержанғалиев, Ақан Тұрғанбаев,

Шәріп Өтебаев, Николай Новиков, Жәукен Досқалиев, Құбай Нұрғазиев, Зинор Бисенғалиев, Темір Нұршаханов, Рем Кенжеғалиев, Нығмет Тегісбаев, Жолдас Қожиев, Нариман Өтегенов, Байдолма Нәжікенов, Бағытқали Исмаилов және басқа майталман мұнайшылардың есімдері Ботахан мұнайын игерушілердің шежіресінде ойып тұрып орын алады.

Олар төккен тер зая кеткен жоқ. Жарты ғасырға жуық уақыт ішінде бір кездегі айдалада бірер ұңғыманың оқпаны мен майқазаны қараятын жердің төсінде ірі өндіріс бой көтерді.

Он жылдан астам уақыт Қарсақ мұнай өндіру цехына қараған учаске 1991 жылы дербес шаңырақ көтеріп, мұнай өндіру цехы атанды.

Осынау 40 жыл ішінде кен орнында 172 ұңғыма қазылды. 2020 жылы №188 қазылған ұңғыма – ең соңғы ұңғыма болып табылады.

Бүгінгі таңда 83 ұңғыма өнім беріп тұр. Оның ішінде, жер кен қабатына су айдайтын ұңғымасы –18.

ЗАМАН АҒЫМЫМЕН ДАМЫҒАН ҰЖЫМ

2013 жылдардан бері қарай жаңа технологиялар өндіріске енгізілді.

Қазір жұмыс процесі толық автоматтандырылды. Ұңғымалардың өнімі телемеханизация арқылы бақылануда.

Қазандардағы сұйықтық сапасын бақылау үшін диспетчерлік жұмыстар да заманауи әдістер арқылы жүзеге асуда.

- 1981 жылы Байшонас орта мектебін бітіріп, Қарсақ жерасты жөндеу жабдықтау бригадасының көмекші операторы болып жұмысқа орналастым. Сол кезде жаңадан ашылған кен орны жас мамандар үшін шыңдалу мектебі болды десем, артық айтқандық емес.

Кейін жоғары білім алып, Қарсақта механик, мұнай және газ өндіру цехының, ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының шебері, мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары болып еттім. Ал, Ботаханға 2009 жылы шебер болып ауыстым. Кейін Доссор №4 мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары болып, 2017 жылдың наурыз айында Ботаханға мұнай және газ өндіру цехы бастығының орынбасары қайта оралдым.

Еңбек еткен жылдары Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын иеленген жерасты жабдыктарын жөндеудің шеберлері Мұрат Аңшыбаев, Жақсыбай Қалиев, Серікбай Үмбетжанов, Сағидола Баймағанбетовтермен бірге еңбек ету бағы бұйырды.

Бұл – бірігіп мен ұйымшылдығы жарасым тапқан ұжым. Үлкендер өткен қалыптасу тарихын жастарға айтып, ақыл-кеңестерімен бөлісіп отырады.

Мәселен, бұрын су кен орнына тасымал арқылы жеткізілетін. Қарсақ кенішімен екі ортада асфальт жолы да болмаған кез еді бұл. Жауынды күндері балшыққа батып қалатын көліктер үшін суды жеткізудің өзі үлкен проблема болатын. Сол аралықтағы жол 2014 жылы салынып, қазір сумен қамту жұмысы тұрақты жолға қойылып, мәселе шешілді.

Бір кездері тек мұнай дайындау және айдау бригадалары мен ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадаларының мұнайшылары 7 күндік вахтамен еңбек ететін. Қалған мұнайшылар 8 сағаттық жұмыс жасап, күн сайын қара жолмен автобуспен қатынап жүрді. Қазір мұның бәрі – өткен тарих. 2014 жылдан бастап барлық жұмысшылар 14 күндік вахталық негізде еңбек етуде. Осы және басқа да естеліктерді жастарға айтып, еңбекке тәрбиелеп отырамыз. Жастар да өз тараптарынан қолда бар мүмкіндікті жіберіп алмауға тырысып, ынта-жігерлерімен еңбек етіп келеді, - дейді цех бастығының орынбасары Жәнібек Ізбасұлы.

Түйін. Жарты ғасырға жуық уақыт бойы кемелденген кен орны ұжымы қазіргі уақытта озық технология мен техникаларды, мұнай өнімін арттыратын әдістерді алғашқылардың бірі болып өндіріске батыл енгізетін құрам қатарында.

Майталман мұнайшы ағалардың ізін абыроймен жалғаса қазіргі ұжым бірге өсіп, қанаты қатайды. Ұжымның қол жеткізген жетістіктері мен табысы жігерлеріне жігер қосып, мұнайшылардың мерейі үстем болуы үшін ерінбей еңбек етуге құлшыныра түсуде.



Хабарландыру

Пандемияның қиын-қыстау кезеңінде «Ембімұнайгаз» АҚ жұмысын алға жетелеуге үлес қосқан мамандарды ұлығылау және компаниядағы ішкі байланысты, ұжымның ауызбіршілігін нығайту мақсатында «МЕРЕЙЛІ МҰНАЙШЫ» онлайн дауыс беру байқауы ұйымдастырылып отырғанын хабарлаймыз.

Байқау 3 номинация бойынша өтеді.

1. Пандемия кезінде қиналған жандарға қолұшын созып, демей бола білген «ЕҢ МЕЙІРІМДІ МҰНАЙШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ;

- Өзі жеке көмек көрсеткен мұнайшы/маман немесе ұжым болып көмек көрсеткендер (цехтар);

2. Пандемия кезінде ұжым жұмысын алға жетелеп, өндірісті тоқтатпаған «ҚАТЕРГЕ ЕҢБЕКПЕН ТӨТЕП БЕРГЕН МҰНАЙШЫ» НОМИНАЦИЯСЫ;

- Вахта (жұмыс) кезінде қызметкерлердің басым көпшілігі оқшауланған кезеңде жұмысты тоқтатпай, кідіріссіз жүргізе білген мұнайшы/маман;

3. Пандемия кезінде өндірісті тоқтатпау үшін тиімді тың жолды ұсына білген «КРЕАТИВТІ МҰНАЙШЫ» номинациясы;

- Өндірістік көрсеткішті төмендетпеу мақсатында жаңа идеяларын жеткізіп, жұмысқа өзгеріс енгізуге ұсынысын білдірген мұнайшы/маман;

Аталған номинациялар бойынша <https://www.surveymonkey.com/survey/d/L0T9O3Q7U1R8B9Q5L> сілтемесіне өту арқылы, қалаған кандидаттарға дауыс бере аласыздар.

Таңдау жасаған соң, «Отправить» батырмасын» басуды ұмытпаңыздар.

Әр номинация бойынша үміткерлерді өндірістік бөлімшелердің басшылары ұсынды. Әр кандидаттың дауыс беруге қандай үлесі үшін түсіп жатқаны туралы мәлімет қасында келтірілген.

Жалпы саны әр өндірістік бөлімшеден 49 үміткер конкурсқа қатысуда.

Дауыс беру Survio ашық платформасында жүзеге асады. Мұнда тек ұжым мүшелері ғана емес, отбасы мүшелері, таныс-достарына да дауыс беруге мүмкіндік бар.

Конкурс аяқталған соң дауыстар саны автоматты түрде есептеліп, жүйе объективті түрде ең көп дауыс жинаған адамдарды шығарады.

Байқау 13.12.2021 ж. сағат 15.30-ға дейін жалғасады.

ДАУЫС БЕРІП ҮЛГЕРІП ҚАЛЫҢЫЗДАР!

Ең көп дауыс жинаған қызметкерлер/жұмысшылар басшылықтың қатысуымен өтетін салтанатты шара барысында марапатталады!

Байқау! Байқау! Байқау!

Спорт – салауаттылық кепілі

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің арасында 6-9 желтоқсан аралығында спорттың 6 түрінен спартакиада өтеді.

Назарларыңызға ойындардың өту кестесі мен орындарын ұсынып отырмыз.

6 ЖЕЛТОҚСАН:

ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАК (ерлер, әйелдер) «Жайық» спорт кешені, Студенческая

6-7 ЖЕЛТОҚСАН:

МИКС ВОЛЕЙБОЛ (ерлер-әйелдер) Олимпиадалық даярлау орталығы
Нұрсая ы/а



ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ерлер, әйелдер) «Жайық» спорт кешені, Студенческая көшесі

ШАХМАТ (ерлер, әйелдер) «Жайық» спорт кешені, Студенческая көшесі

8-9 ЖЕЛТОҚСАН:

КІШІ ФУТБОЛ (ерлер) Дене шынықтыру-сауықтыру кешені Қ.Смағұлов 5а

БИЛЬЯРД «LUX DECOR» сауда кешенінің Бильярд залы, Авангард-2.ы/а



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г қуәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалидуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

Ғ.Қаражанова - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

Ж.Дәуітов - "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.